



# Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

19 шілде  
сейсенбі  
№57 (1862)  
2022 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

12 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын, банк қызметін реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

## НЕСИЕ КІМДЕРГЕ БЕРІЛМЕЙДІ?

Сырдың бас қаласында «Индустрияландыру картасы» аясында жалпы құны 68,2 млрд теңгені құрайтын 12 жоба жүзеге асуда. Бұл жобалар толық іске асқан тұста шаһарда шамамен 868 жаңа жұмыс орны құрылады. Оның ішінде жылына 197,1 мың тонна шыны табақша өндіру зауыты, ет комбинаты, арматура зауыты мен мотор майларын шығару секілді үлкен өндіріс орындары бар. Бұл туралы қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі мәлім етті.

## ИНДУСТРИЯНЫҢ ИГІЛІГІ КӨП



### 5 АЙДА 22 МЛРД ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІ ӨНДІРІЛДІ

Жалпы Қызылорда облысында биылғы жылы индустрияландыру бағдарламасы аясында бес жоба іске қосылады. Атап айтқанда, екі құс фабрикасы, балық өңдеу, ет комбинаты және есік өндірісі. Жалпы құны 9 млрд теңгені құрайды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз конференциясында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Фердоуси Қожабергенов мәлімдеді.

— Аймақта жаңа инвестициялық жобалар әрдайым қарастырылып келеді. Индустрияландыру бағдарламасы аясында соңғы 11 жылда 35 жоба іске асырылып, өндірістер мен өнімдердің жаңа түрлері шығарылды. Екі

мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Мәселен, 2021 жылы 4 жоба жүзеге асты. Оның екеуі шыны және керамзит өндірістері — құрылыс индустрия саласына, ал қалған екі жоба ас тұзы және күріш өңдеу — азық-түлік өнімдерін шығаруға бағытталған. Аталған жобалар бойынша 5 айда 22 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Экспорт көлемі 30 процентке артты. Бағдарламаның үшінші бесжылдығында құны 654 млрд теңгені құрайтын 46 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда, — деді басқарма басшысының орынбасары.

Сондай-ақ брифингте биыл бірқатар жобаның құрылысы жүргізіліп жатқаны айтылды. Атап айтсақ, Арал ауданындағы түйе сүтінен құрақ ұнтақ шығару зауыты, Қызылордадағы «Айгасар» серіктестігінің «Бие сүтін өңдеу цехы», «Игілік» жеке кәсіпкерінің балық қалдықтарынан жасалған балық ұнын өндіру жобасы.

2 БЕТТЕ



Бұл заңдағы өзгерістер несиені өмір сүруге бейімделген елді біраз қобалжытты десек артық айтқандық емес. «Енді несиесі барларға несиені берілмейді екен» деген желдей ескен жаналық бірін қыңжылтса, бірін қуантты. Той маусымы басталған сәтте «енді қалай той жасаймын?» деп уайымдағандар да болмай қалмады. Бұл халықтың тұрмыс-тіршілігі түп қазығымен несиені байланғанын байқатады. Енді заңдағы өзгерістерге сай несиені оңды-солды беруге шектеу қойылады. Анығын айтқанда, енді әрбір адамның несиесі жалпы кірістің 50 процентінен аспауы тиіс. Мамандардың

түсіндірмесіне зер салсақ, қарыз алушының табысы аз және қамқорлығында көмекке толмаған балалар болса, онда несиені бойынша төлемдердің жалпы сомасының қалдығы ең төменгі күнкөріс деңгейінен (шамамен 37389) және әр балаға ең төменгі күнкөріс деңгейінен (18 мың теңге) төмен болмауы керек. Тағы бір атап айтарлығы, бұған дейін несиені туралы ақпарат несиенің бюросына 15 күн ішінде ұсынылуы керек болса, жаңа заң бойынша барлық қаржы институттары бір күн ішінде ақпарат беруге міндетті. Бұл қарыз алушының бір күнде бірнеше банктен несиені алуына шектеу болады.

«Ақмешіт-ақпарат»

### ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## «БІЛІМГЕ САЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ БОЛАДЫ»

Жыл сайын жаз мезгілі басталысымен білім ошақтарына жөндеу жүргізіледі. Ондағы мақсат — оқушылардың заманауи талапқа сай жерде білім алуына жағдай жасау. Бұл үрдіс өңірімізде биыл да жалғасын тауып отыр.

2 БЕТТЕ



## БАҚШАСЫ ЖАЙҚАЛҒАН АУЫЛ

— РЕПОРТАЖ —

Егін шаруашылығы дамыған елді мекеннің бірі — қала іргесіндегі Қарауылтөбе ауылдық округі. Жыл басында жоспарланған жұмыстар желісі бұл елді мекенде ойдағыдай жүзеге асуда. Осы орайда шаруашылықтың тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында ауылға бағыт алдық. Көзбен көріп, қолмен ұстап, көңілге түйіп қайтық.



### АУЫЛДЫҢ МҮМКІНДІГІ КӨП

Жә, сонымен бейсенбі күні жұмыс бағытымыз бақша басынан басталды. Жол-басшымыз ауылдық округ әкімі Еркін Ахетов. Айтуынша, биыл ауыл халқы он екі гектар жерге бақша дақылдарын еккен. Оның ішінде қауын, қарбыз, асқабақ, жүгері,

сәбіз, картоп, қызылша, қызанақ халыққа қажетті өнім түрлерін түгел екен. Ы.Жақаев атындағы «Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» қолдауымен егін егіп жатқан қала тұрғындары да көптеп саналады.

— Көктемде аяқ судың сәл кешіңкіреп келуі қолбайлау болып қалды. Әйтпесе әдепкі сәттен қимылдағанда бұдан да

көбірек егін егетін едік. Біздің ауылдың мүмкіндігі көп. Топырағының түгін тарсаң майы шығатын нағыз егістіктің жері ғой, шіркін! Бұлай деуімізге себеп те жеткілікті. Ауыл арасында «Төртқұлақ», «Шортанкөл» атанып кеткен осынау алқаптарға жыл сайын егін егіп тонналап өнім алып жатқандар да жеткілікті. Әкем Абдрайхан заманында күріш бригадирі, агроном болған еңбек адамы. Бала кезімізден дала жұмысына жетік болып өстік. Еңбектің қай түрі болсын, білек сыбана кірісіп кететін еңбекқорлығымыз сол кісілерден дарыған қасиет. Бұл ауыл кезінде тәжірибе шаруашылығы аталып кеткен. Тарихы тереңнен сыр шертетін қоныстың тұрғындары өте еңбекқор. Ауылда төрт түлік асырап, бау-бақша егіп, кәсіп жасап, адал еңбегімен нәпақасын тауып отырған жандар аз емес. Ауылдың үлкен автожол бойында орналасуы да тұрғындарға өте қолайлы болып тұр. Әсіресе бақша өнімдері піскен кезде пайдасы мол болады. «Қарбыз-қауын — жаздай сауын» дегенді естуіңіз бар шығар?! Ауылға жолыңыз түссе, осы қанатты сөздің мағынасына терең қанығасыз. Дәмі тіл үйірген бақша дақылдарына сұраныс баршылық, — дейді ауыл әкімі Еркін Ахетов бізбен әңгімесінде.

4 БЕТТЕ

## БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ: ҰТАР ТҰСЫМЫЗ ҚАЙСЫ?



Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамда алатын орны қашанда жоғары екені белгілі. Сондықтан да ашық ақпараттық кеңістік және мықты медиа билік құру біздің елге қажет. Бүгінгі күннің басты мәселесі ретінде бұл тақырып талқылауда тұр. Елдің мүддесін, қоғамның сұранысын және

медиа саланың даму тенденциясын ескере отырып, БАҚ туралы заңға өзгеріс енгізу қажет. Мемлекет басшысының айтуынша, тәуелсіз әрі жауапты бұқаралық ақпарат құралдарының демократиялық қоғам қайта құру мүмкін емес.

4 БЕТТЕ



# ИНДУСТРИЯНЫҢ ИГІЛІГІ КӨП

## 366 ГЕКТАР ЖЕР ИНДУСТРИЯНЫ ДАМУҒА

Қала әкімдігінің 2020 жылы 7 тамыздағы №15811 қаулысы негізінде шаһардағы Титов тұрғын ауданы аумағынан жалпы аумағы 366 гектар жер учаскесін «Өндіріс» индустриялық аймақ деп белгіледі. Индустриялық аймаққа қажетті деп саналған инженерлік инфрақұрылым жүйесін жеткізуге 5,7 млрд теңге жұмсалған. Нәтижесінде 1,64 текше метр су жүйесі, 4,4 шақырым автокөлік жолы, 4,4 шақырым электр жүйесі, 1860 текше метр газ құбыры мен 4218 текше метр көріз жүйесін құжаттандыру жұмысы жүргізіліп, қалалық коммуналдық меншікке қабылданған.

Қазіргі кезде индустриялық аймақтағы 85,2 гектарды құрайтын 9 жер инвесторларға табысталды. Оның ішінде 1 жоба, «Orda Glass LTD» ЖШС-ның «Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 197 100 тонна табақша шыны шығару және өңдеу зауыты құрылысы» республикалық карта аясында жүзеге асырылуда. Ал «Room Trade KZ» ЖШС-ның «Қызылорда қаласында «КОМАЗ» шағын арматура зауытын салу», «ТриМо» серіктестігінің «Қуаттылығы жылына 500 тонна екі окис мольден ұнтағын айналыс мольден ұнтағына техникалық ұйнадыру өндірісін ұйымдастыру», «Orda TEXC» ЖШС-ның



өнімді сынақтан өткізу жоспарланған. Жалпы құны 42 млрд теңгені құраған бұл жоба 226 адамды жұмыспен қамти алады.

## ТӨРТ ЖОБАҒА ҚАРАЖАТ ҚАЖЕТ

«Өндіріс» индустриялық аймағында жүзеге асыру жоспарланған төрт жоба қаржы ресурстарын іздестіру жұмыстарын жүргізуде. Соның ішіндегі «ТриМо» серіктестігінің «Молибден ұйымдастыру» жобасының құрылысына бастамашы тарапынан 858 млн теңгеге құрылыс жұмыстары жүргізілген.

## ҚАЛАДА ЕТ ҚОМБИНАТЫ, МОТОР МАЙҒА ЗАУЫТЫ МЕН ҚҰС ФАБРИКАСЫ АШЫЛАДЫ

Қызылорда қаласы әкімдігінің ресми сайтында «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамыту» мемлекеттік бағдарламасының орындалуы бойынша анықтамасыз жарияланған. Анықтамасыз шаһарда іске асырылатын ет комбинаты, мотор майын шығаратын зауыт пен құс фабрикасы туралы ақпарат бар.

Мәселен, бүгінде «Сыр маржаны» ЖШС «Ет комбинаты құрылысы» жобасының құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Қазіргі таңда әкімшілік ғимарат пен бақылау бекетін салу жоспарлануда. Сыртқы инженерлік жүйелердің жобалық құжаттары мемлекеттік сараптамадан өтті. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 2019-2020 жылдары облыстық бюджеттен су жүйесін жүргізуге 49,5 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары аяқталған. Сонымен қатар электр желісін тартуға өткен жылы 13,8 млн теңге бөлінді. Комбинаттың жоба-сметалық құжаттары мемлекеттік сараптамадан қайта өтіп, 24 ақпанда оң қорытындысын алды. Жоба бойынша «Сыр Маржаны» ЖШС үлесі 51 процентті құраса, «Байқоңыр ӘКК» АҚ-ның үлесі 49 процент. Жоба нәтижесінде 2020 жылы 23 қыркүйекте «Сыр Маржаны» ет өңдеу кешені» ЖШС құрылды. Бүгінгі күні құрылыс жұмыстары жартылай, яғни 50 процентке аяқталған. Қондырғыларды

алдыруға тапсырыс берілген. Олар қазан айында жеткізіліп, монтаждау жұмыстары жоспарланып отыр. 952,7 млн теңгені құрайтын жоба жүзеге асқанда комбинат 23 адамды жұмыспен қамтымақ.

Ал «Қызылорда Рефайнэри» ЖШС «К4, К5 экологиялық кластағы мотор майларын өндіру» жобасы бойынша тұрақты электр қуатымен, газбен жабдықтауға, телекоммуникация желілерін тартуға және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік магистраліне түйсетін жолға техникалық шарттар алынған. Бүгінгі күні жобаның сыртқы инженерлік инфрақұрылымын жүргізу мақсатында техника-экономикалық негіздеме жоба бастамашысының өз қаражаттары есебінен әзірленуде. Бірақ құны 17,6 млрд теңгелік, 220 адамды жұмыспен қамти алатын жобаның құрылысы әлі басталмаған.

Одан бөлек «Вега Пром» ЖШС-нің «Қызылорда қаласында құрғақ құрылыс қоспаларын шығару» жобасына Белкөл кентінен 2,9 гектар жер телімі берілген. Қазіргі таңда жерді тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар инженерлік-инфрақұрылым жеткізу үшін жоба сметалық құжаттары әзірленіп, қаржы мәселесін шешу жұмыстары жүргізілуде. Жоба биыл 1 шілдеде «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы 20 млн теңгеге қолдау алды.

«Айгасар» ЖШС-ның «Ерекше балаларға арналған гипотерапия» жылжылы-сауықтыру клубын ашу және бие сүтін өңдеу цехын салу» жобасына мемлекеттік қолдау шарасы ретінде 10 гектар жер телімі берілді. Бүгінгі күні жерді тегістеу, қоршау және ат қораның құрылыс жұмыстары толығымен аяқталған. Қазіргі таңда маңеңдің (ангар) құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін Ақтөбе қаласына металл конструкция материалдарына тапсырыс берілуде. Құрылыс барысында 8 адам жұмыс істеуде. Ал жоба аяқталған соң мұнда 15 жұмыс орны ашылмақ.

Сонымен қатар «Қаусар» ШҚ «Құс фабрикасының құрылысы» жобасына Қызылорда қаласынан 1,3 гектар жер телімі рәсімделген. Қаржы мәселесін шешу жұмыстары жүргізілуде. Биыл 8 маусымда «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы 20 млн теңге қаражат алған. Ал «Нұр Орда жолы» ЖШС-ның «Қызылорда қаласында асфальтбетон зауытының құрылысы» жобасына оңтүстік өндірістік аймағы және Белкөл кенті аумағынан мемлекеттік қолдау ретінде 4 гектар жер телімін беру бойынша шешім қабылданды. Жобаның құрылыс жұмыстары аяқталып, маусым айынан бастап пайдалануға берілді.

**P.S.** Қалада индустрия саласында атқарылар жұмыс аз емес. Жоспарға енгізілген өндіріс орындары да бар. Бұл жобалар жүзеге аса жұмыс орны да көбейіп, өзмізде жасалған өнім қатары да артпақ. Бастысы, жобаны соңына дейін жеткізіп, өңір экономикасына оң үлес қосу керек.

**А.БЕККЕНОВ**



«Түйе жүнін өңдеу және төсеніш көрпе өндіру цехы», «Қызылорда композиттік материалдар зауыты» ЖШС-ның «Шыны талшықты және композитті материалдарды өндіру зауыты», «Dana Quartz» ЖШС-ның «Айна шығару зауыты» жобалары индустрияландыру картасы аясында жүзеге асырылады, – дейді қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бас маманы Нұрсұлтан Қонарабаев.

Бүгінде қаладағы индустриялық аймақта 2 жоба іске қосылған. Соның бірі – жеке кәсіпкер Б.Узақовтың «Қабырғалық және тротуарлық материалдар өндірісі» жобасы. Құны 70 млн теңгені құрайтын жоба аймақтың 5 гектар жерін алып, 7 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Одан бөлек «Orda Glass LTD» ЖШС-ның қуаттылығы жылына 197 100 тонна табақша шыны шығару және өңдеу зауыты өткен жылдың желтоқсан айында іске қосылды. Биылғы қыркүйекте алғашқы **Басы 1-бетте**

58 адамды жұмыспен қамти алатын «Молибден ұйымдастыру» жобасына индустриялық аймақтан 4 гектар жер телімі берілген. Өндіріске орналастырылған қондырғылардың технологиялық процеске сәйкес келмеуіне байланысты жаңадан термотөзімділігі және химиялық төзімділігі жоғары басқа қондырғы сатып алу қажет. Бұл жабдықты жобалауға, дайындауға, монтаждауға және сынақтан өткізуге Ресейден мамандар шақырылуда. Осы себептен жоба бастамашысы зауыттың іске қосылу мерзімін 2023 жылға ауыстыруда.

«Арди» жеке кәсіпкерлігінің «Пеноблок және газоблок шығару өндірісі» үшін көлемі 2 гектар жер меншік иесінің өтінішіне сәйкес жер пайдалану мерзімі ұзартылды. Қазіргі таңда жоба бастамашысы жобаны жүзеге асыру мақсатында инвестор іздестіру жұмыстарын жүргізуде.

Сонымен қатар «Orda TEXC» ЖШС «Түйе жүнін өңдеу және төсеніш көрпе өндіру цехы» жобасына «Өндіріс» индуст-

– Жылу беру маусымына дайындық барысында қай жерде қандай кемшілік барын сзділді мандарыңыздан артық білетіндер жоқ. Осы тұрғыда тиісті мекемемен бірлесіп анализ жасанындар, – деді қала басшысы.

Сонымен қатар қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің өкірісіне су толу мәселесі де өзекті болып отыр. Осы мәселе бойынша қалалық тұрғын үй инспекциясының басшысы Абзал

– Жылу беру маусымына қаланы қатты отынмен қамтамасыз ету бойынша биыл екі жеке кәсіпкермен меморандум жасалды. Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметіне сәйкес, 2022-2023 жылдары жылу беру маусымына қажет етілетін қатты отынның көлемі 35 мың тоннаны құрап отыр. Бірақ қыс мезгілінде қала аумағындағы көмір тасушы

## ҚАЛА ТЫНЫСЫ

### «БІЛІМГЕ САЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ БОЛАДЫ»

Қала әкімі Асылбек Шәменов қалалық білім бөліміне қарасты бірқатар мекемені аралап, жаңа оқу жылына дайындығын тексерді. Қала басшысы алдымен «Арай-Санрайз» балаларға арналған жазғы тынығу лагерінің жұмысымен танысты.



– «Арай-Санрайз» балаларға арналған жазғы тынығу лагері 1997 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мұнда жылғына 5 ауысым бойынша 900 оқушы қабылданады. Оның ішінде 180 оқушы «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясының демеушілігі есебінен демалады. «Балалар жылына» байланысты тәрбиешілер қатарына студент жастар да қосылып жатыр. Балаларға барлық жағдай жасалған. Күнделікті 5 мезгіл тамақ беріледі. Кешкілік тұрақты түрде іс шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар спорттық ойындар ойнатылып, үйірмелер жұмыс жасайды. Балаларды колонер бұйымдарына, хореографияға, вокалды аспаптарда ойнауға баулимыз. Аудандардан және «Атамекен» балалар үйінен келетін балалар бар. Бір айда кетерлігі, лагеріміздің әнұраны, елтанбасы бар. Оқушылар 9-14 жас аралығында қабылданады. Әр топта 25 баладан жеті топ құралған, – дейді тәрбиеші Гүлжайна Иманова.



Мұнан соң шаһар басшысы қаладағы Б.Құлтеңенов көшесіндегі жеке кәсіпкердің қаражаты есебінен салынып жатқан 1500 орындық мектептің құрылысымен танысты.

«Байтерек SChOOI KZ» ЖШС жауапкершілігіндегі жеке білім ұясы барлық заманауи құрылғылармен жасакталып, бір мезгілде 1500 оқушы қабылдауға мүмкіндігі бар. Ең бастысы, оқушыларды ақысыз қабылдайды. Мұндай сыйымдылықты мектептің басты мақсаты өңірдегі 3 ауысымдық оқуы жоюдың қажеттілігінен туындап отыр.

Мектеп құрылысымен танысқан қала әкімі мердігер мекеме басшысына балалардың еш алаңсыз білім алуына қажетті жағдай жасалуын толыққанды қамтамасыз етіп, сапалы орындалу керектігін атап өтті.

Содан соң шаһар басшысы Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейге жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

Жауапты мердігер мекеме «SCS-Инжиниринг» ЖШС тиесілі жұмыстар мектептің қабеті, терезелер ауыстыру мен ішкі қабырғалары мен едендері және есіктерін жаңалау екендігіне тоқталып өтті. Сондай-ақ электр желілері мен көріз жүйесін қайта жаңартып, мектеп ауласын асфальттамақ.

– Мектеп – білім шырағы. Білімді ұрпағымыздың жарқын жолы осында басталмақ. Сондықтан талантты, білімді ұрпақ көп болсын десек, ең алдымен олардың оқу ордаларына мән беруіміз керек. Ертенгі нұрлы болашағына жасалар әрбір қадам мен қолдау еселеп қайтатынын ұмытпау керек. Білімге жасалар қолдау мен құйылар инвестицияның қайырмасы болады. Жұмыстың сапалы орындалуын өз бақылауымда ұстаймын. Осыны назарға аларсыздар, – деді қала әкімі.

**Басы 1-бетте**

**Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**

# ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ



құбыры қайта жаңғыртылмақ. Өз кезегінде қала әкімі сала бойынша шешімелі тұрған мәселе бар-жоғын сұрады.

– Ертенгі күні тұрғын үйлерге жылу беріліп, сонда осындай үйден ақау шықты, дайын емес екен деп жүрмеңіз. Жеме-жемге келгенде қолымызға құралымызды ұстап, жүгіріп жүретін жағдайда болмайық. Шешімелі тұрған мәселе болса осы кезде айтыңыз. Барлық көптегерлі үйлер, әлеуметтік нысандарға тексеру жасадымыз ба? Қазан айының 10-ынан бастап істеген жұмысымыздың нәтижесі белгілі болады. Сол кезде кемшіліктер анықталса жауабы сізден сұралатынын ұмытпаңыз, – деп ескерту жасалды.

Осы орайда қала әкімі ТЭЦ басшысы Медет Усайына да бір-шама міндеттер жүктелді.

Рысбекке де бірқатар тапсырма берілді. Ал оның орындалу уақыты бір апта деп белгіленді.

Бұл саладағы кемшіліктер жыл сайын жылу беру кезінде көзге көрініп-ақ қалады. Тұрғын үйлердің жылуға дайындығын, өкірістерді судан тазарту ісін бағамдағын қала басшысы тиісті сала басшыларына қатаң тапсырма берді. Уақыт созып жүре бермей, дер кезінде аяқтауды да нықтап айтты. Сондай-ақ қалалық мәдениет, білім, спорт бөлімінің басшыларына өзіне қарасты әлеуметтік нысандардың жылу дайындығын пысықтауды міндеттеді.

Жылдан тұрғындарды қатты отынмен қамту жайы да қозғалды. Бұл ретте қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Бағлан Амангелдиев айтып өтті.

кәсіпкерлермен барлығы 66 мың тонна қатты отын әкелу жоспарлануда, – деді.

Қазіргі таңда меморандумға отырған кәсіпкерлердің бірінде 130 вагон, яғни 8970 тонна шұбаркөл көмірі қоры бар екен. Оның сатылу бағасы 14400 теңге. Ал жеке кәсіпкер «Қарымсақов» көмір отынын алдағы уақытта жеткізіп, оны 13 мың теңгеден сатуға келісім жасалған. Осы орайда бөлім басшысы халық арасында жылдағыдай дүрбелен тудырмас үшін көмір отынын қазірден бастап тасымалдап, сатылымға шығару бойынша көмір тасушы кәсіпкерлермен түсінік жұмыстары жүргізіліп жатқандығын айтты. «Көмір тапшылығын болдырмау үшін бөлім тарапынан тұрақты түрде бақылау жүргізіледі» деді.

Осы орайда қала әкімі бөлім басшысына екі ортада жүретін алыпсатарлардың алдыға шығып кетпеуін бақылауды тапсырды. Кент және ауылдық округ әкімдеріне аталған бөліммен бірлесіп тұрғындардың қатты отынды арнайы сату орнынан алуын қалағалау, олармен түсінік жұмысын жүргізуді міндеттеді.

Ал күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Серікұлы салада атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы

пәтерлі бір тұрғын үй қабылданды. Осы айда тағы да бір тұрғын үйді қабылдау жоспарлануда. Жыл соңына дейін осы аумақтан 50 пәтерлі 10 ипотекалық үй пайдалануға беріледі. Одан бөлек сол жағалаудан 50 пәтерлі тағы бір үй кезекте тұрған отбасылардың игілігіне жарамак. Инфрақұрылым саласы бойынша Әл Фараби ауданындағы су құбыры желісін жаңартуға 241 млн теңге бөлінген. Осы жоба аясында 16,5 шақырым ауыз су жүйесі ауыстырылады. Талдыарал елді мекеніндегі электр желісін жаңартуға бөлінген 43 млн теңгеге 7,5 шақырым желі жаңартылады. Сонымен бірге республикалық бюджет есебінен СІМҚ-70, Болашақ, Орбита бау-бақшасы, Тасбөгет, Эдельвейс, Арай, Шұғыла, Ақжарма, Еңбек, Сабалақ аумағын қамтитын 128,7 шақырым электр желісі қайта жаңартылмақ. Сала бойынша бұдан өзге абаттандыру, сумен жабдықтау, көріз жүйелерін реконструкциялау сияқты бірқатар жұмыс жүргізіледі.

Қаланың құрылыс саласын бес саусағындай білетін жаңа басшыға қала әкімі құрылыстың сапалы болуын қадағалауды баса айтты. Әсіресе сумен жабдықтау, көріз жүйелерін реконструкциялауда болатын мәселелерге баса мән беріп, шешімін табуды тапсырды.

**Айдана СЕЙІЛ**

# COVID-19: СИМПТОМДЫ БЕЛГІСІ БАСЫМ

Коронавирус инфекциясы соңғы тәулікте 22 адамнан анықталды. Оның 17-сі симптомсыз, 5-еуі симптомсыз жағдайда белгілі болған.



Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, шілде айы басталғалы аймақта вирус 216 адамнан шыққан. Соңғы дерек бойынша 16 жағдай қаладан болса, Шіелі ауданынан – 5, Жаңақорған ауданынан – 1 жағдай анықталған.

Мамандардың айтуынша, пандемия әлі аяқталған жоқ. Сондықтан ұжымдық иммунитетті қалыптастыруда еке салдырудың маңызы жоғары болмақ.

**«Ақмешіт-ақпарат»**



Аймағымызда білім саласына ерекше назар аударылған. Елдің болашағы білім саласымен тікелей байланысты болғандықтан, ол әрдайым қырағы қадағалауды, айрықша мән беруді талап етеді. Бұл бағытта жана әдістер, тың тәсілдер қолдану қажет-ақ.

Осы үдерістен шығу үшін Сыр өңірінде білім сапасын көтеру бағытындағы іс-шаралар жалғасын тауып келеді.

## БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ


конкурсы сияқты беделді олимпиадаларда облыстың намысын қорғаған. Сондай-ақ жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобаларда 88 дарынды оқушы оқ бойы оза шауып, 16 алтын, 25 күміс, 47 қола медальді иеленген. Сонымен қатар 2-4 сыныптан басталатын «Бастау» математикалық турнирінде Сыр өңірі командалық есепте ІІІ орынға ие болған.

Еліміздің дамуына өзіндік үлес қосатын білімді дарындылар өсіп келе жатқанына қуануымыз қажет. Сондықтан да оларды мақтан ету – біздің парызымыз. Қазіргі уақыт – білімділердің заманы. Бәсекеде тек білімді жеңетіні анық. Сол үшін де балалардың жан-жақты дамуы, толықтай білім алуы үшін мемлекет барлық жағдайды жасауда. Ал берілген мүмкіндікті пайдалану жастарға берілген міндет. Соның айғағы ретінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша дарынды балаларды қолдауға ерекше көңіл бөліне-тінін айтып кеткен жөн. Мәселен, алдағы уақыттан бастап халықаралық зияткерлік олимпиадалардың жеңімпаздары қазақстандық ЖОО-да білім алу үшін ақшалай сыйлықтар мен гранттарға ие болады.

Оның ішінде алтын медаль алған оқушыға 1 500 АЕК, күміс медальға 1 000 АЕК, қола медальға 500 АЕК көлемінде ақшалай сыйлық беріледі. Сонымен қатар оқушыларды байқауға дайындаған ұстаздарға да біржолғы сыйақы төленеді. Сондықтан оқушы барлық зейінді білімге аударып, озық ойлы азамат атануға мүмкіндік зор.

Өркениет биігіндегі мемлекеттер өмірін зерделесек, табысқа жетудің бірден-бір жолы – білім экономикасының дамуы. Яғни, сол елдер ғана қосбасшы бола алатыны дәлелденген. Бүгінде жастардың шет елдерде оқуына барынша жағдай жасалуда.

Жалпы білім саласындағы сапа мәселесі жылдан-жылға жоғарылауда. Сапаны көтеру мақсатында бөлінген қаржы көлемі



де артып келеді. Биыл жалпы бюджет 204,4 млрд теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 17% артқан. Облыста инклюзивті білім беруді дамыту мақсатында 2020-2022 жылдарға арналған арнайы «Жол картасы» іске асырылуда. Оған 4 млрд теңге қаржы қаралған. Биыл 28 инклюзивтік кабинет, 2 ресурстық орталық, 47 логопункт ашылды.

Робиндранат Тагор деген үнді ғұламасы «Үстаз шәкіртті өзіннің білімі мен қабілетінің құрбаны етпеуі тиіс» деген екен. Яғни алдында жүрген балалардың білімі мен дағдысы олардың білгеннен әлдеқайда артық болуы тиіс. Ол үшін ұстаздар қауымы мен білім беру жүйесіне қойылатын талаптар да арта береді. Өйткені бәсекеге қабілетті білім бәрін жеңеді.

## ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Мектепке мұғалімдер ашық әрі конкурсы арқылы жұмысқа алынуы қажет. Бұл бүгінгі күннің талабы емес. Зандылық солай. Дегенмен соңғы уақытта мектепке жұмысқа түру кезінде сыбайластыққа жол беру жағдайы көбейгені рас. Алдағы уақытта талап күшейеді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов айтты.

«Біз мектепте бар көптеген бос орынды директорлар көрсетпейді. Оны біз жақсы білеміз. Жасырып ұстайды. Тарификация жасаған кезде орын бар деп көрсетіп қояды. Бірақ заң бекіткендей, тиісті органдарға, еңбекпен қамту органдарына көрсетпейді. Ешкімге ашық айтпайсыздар. Қыркүйек айы өткеннен кейін, біраз уақыттан соң «адам келмеді, мұғалім таппадық» деп, сол бар сағаттарды іштегі жұмыс істеп жүрген мұғалімдерге бөліп бересіздер. Бұл – заңсыздық. Мұндайға заңмен көзделген жауапкершілік, оның ішінде әкімшілік те жауапкершілік бар. Ол бос сағатты бөлген кезде де тәуекел көп және объективті жұмыс жүрмейді. Оны да білеміз», – деп атап өтті Асхат Аймағамбетов министрліктің аппарат жиналысында.

Министрдің сөзіне сүйенсек, бір ставканы 4-5 мұғалімге бөліп беру жағдайлары да кездеседі.

«Сонда қазақ тілі болсын, математика болсын, 1 ставканы, 16 сағатты бес адамға бөліп беруге болады. Бір сыныпта математиканы өткізген кезде екі не үш мұғалім өте ме? Мұндай заңсыздыққа қалай баруға болады? Бірнеше облыста 1,5-2 ставкамен жұмыс істейтін адам көп екен. Бір жағынан қарасақ, 40-50 пайызы ІІІ ставкадан артық жүктемемен отыр, оның ішінде 10-20 пайызында тіпті жүктеме жоқ. Мұны қалай түсінуге болады? Жұмысқа адамдарды біз бекіткен тәртіпті бұзып алатындар болса, онда жауапкершілікке тартымыз. Мақсат – мектептерді білімді, білікті педагогтермен қамтамасыз ету. Мұғалімдерді ашық әрі әділ конкурсы арқылы жұмысқа алуымыз керек», – деді министр.

## БАЛАЛАР ИГІЛІГІНЕ – ЖАҢА МЕКТЕП

Биыл 4 350 орынға арналған 9 білім ұясы пайдалануға беріледі. Олардың 2-і апаттық жағдайдағы мектептер орнына ашылады. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық мәслихат депутаттары алдында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебінде бұл жөнінде кеңінен айтып өтті.



Жаңадан ашылатын мектептердің 6-ы мемлекет қаржысына, ал қалған 3-і жеке инвесторлар есебінен салынады. Сонымен қатар білім ошақтарын күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жүріп жатыр. Заманауи ғимаратта сапалы білім алу үшін балаларға толық жағдай жасалуы қажет. Осы орайда пайдалану мерзімі 30 жылдан асқан 6 мектепке күрделі жөндеу, 13 білім беру нысаны қазандықтары газға ауыстыру және 2 мектептің бұ қазандығын ғимараттан шығару жұмыстары жүргізіледі.

Сапалы оқу процесін қамтамасыз ету мақсатында облыс бойынша 8 негізгі мектептер орта мектептерге ауыстырылуда, яғни 10-11 сыныптар ашылуда.

– Президент Жарлығымен белгіленген «Балалар жылына» тарту ретінде қаламызда 1 млрд теңгеге 50-ге тарта спорт алаңын, аудандарға 30-дан астам спорт-ойын алаңын саламыз. Бұл жұмыстар демеушілер есебінен іске асырылады, – деді облыс әкімі.

## ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТТЕРДІҢ САНЫ КӨБЕЮДЕ

Балалар жылына орай аймақтың мектептерінде педагог-ассистенттердің саны көбейеде. Ол үшін мектептердің штаттық кестесіне педагог-ассистенттердің жаңа штатты енгізіліп, олардың саны 56-дан 86-ға көбейді. Сондай-ақ мемлекеттік бала бақшаларда жұмыс жасайтын педагог-ассистенттердің саны 37-ге дейін өсті.



Осыған дейін Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен ел мектептерінде педагог-ассистент лауазымы енгізілген болатын. Ең алдымен, мұндай мамандар ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға көбірек көңіл бөлуі талап ететін инклюзивті оқытуда сұранысқа ие. Педагогтер олардың мектепке және оқу үрдісіне бейімделуіне көмектеседі.

– Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алуына қажетті жағдай жасау басқарманың басты назарында. Осыған дейін министр Асхат Аймағамбетов педагог-ассистенттердің штаттық енгізуі және көбейтуі тапсырған болатын. Осы орайда облыс бойынша енді 123 педагог-ассистент ерекше балалар оқитын мектептерде жұмыс істеп жатыр. Бұл мамандар балаларға бағыт беріп, оқу үрдісіне бейімделуге көмектеседі. Сонымен қатар бала өздігінен қозғала алмаса, дефектологтың көмегі қажет болса олар педагогикалық қолдау көрсетеді, – дейді облыстық білім басқармасының балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік қорғау бөлімінің бас маманы Гүлмира Ажжігіт.

Сонымен қатар педагог-ассистент ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады. Қажет болған жағдайда оқу бағдарламалары оқушылардың қажеттіліктеріне қарай бейімделеді. Педагог-ассистенттер өткен материалды меңгеруге көмектесіп қана қоймай, ерекше баланың дағдыларының даму деңгейін де бақылайды. Сондай-ақ олар ерекше білім алушы қажет ететін балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қажетті жағдайлардың сақталуын қадағалайды.

Бүгінгі күні облыс бойынша 255 мектепте ерекше білім алушы қажет ететін балалар білім алууда. Оларға 288 арнайы мамандар және 9072 арнайы курстан өткен мұғалімдер сабақ береді.

## МАМАНДЫҚ ТАҢДАЙ БІЛЕСІҢ БЕ?

Келешек мамандығыңды таңдарда асығыстық танытуға әсте болмас. Себебі қазіргі таңда ата-ананың ақылмен, кейде достарының ықпалымен де таңдауын өзгертіп жататын жастар бар. Олардың бәрі бірдей дипломын кәдеге жарата ала ма? Мәселен, әлемде дипломы бойынша қызмет ететіндердің көрсеткіші төмен. Тіпті оған күнде көз жеткізіп жүрміз.

### ЖҮРЕК ҚАЛАУЫНА ЖҮГІНУ ҚАЖЕТ

Мамандық таңдау – маңызды іс. Бұл тұрғыда, әсіресе мектеп бітірушілердің бір жыл бойы басы ауырады. «Қандай мамандықты таңдасам» екен деген оймен басын қатырғандай болады. Жылдан-жылға мамандықтың түрі көбейіп келеді. Таңдау жасау да талас та көбейеді. Әлемдегі оқиғалар мен пандемия еліміздің еңбек нарығына айтарлықтай әсер етті. Қашықтан жұмыс және толық цифрландыру жаңа мамандықтардың қажет екенін айқындап берді. 2022 жылы елімізде қандай мамандыққа сұраныс көп?

Статистикаға сүйенсек, биыл Қазақстанның еңбек нарығында бағдарламашылар, логистер мен сәулетшілер ие болады. Сондай-ақ жыл сайын кәсіби бағдарламашыларға деген қажеттілік артып келеді. Бағдарламалық қолты жазумен және бағдарламалық баптауларды жөндеумен айналысатын «классикалық» бағдарламашылардан басқа, веб-дизайнер мамандығы сұранысқа ие және танымал болмақ.

Бүгінгі таңда жер шарындағы қала тұрғындарының саны айтарлықтай көп. Сондықтан алдағы уақытта сұранысқа ие мамандық сәулет және урбанистика саласының мамандары болмақ. Қазіргі уақытта елімізде тұрғын үй құрылысы да қарқынды. Бұл тұрғыда сәулетші мамандарға да сұраныс жоғары болатыны анық.

Сонымен қатар биыл ең көп оқу гранттары бөлінетін бағыттар – педагогика, ІТ және техникалық білім салалары.



### КІМ БОЛҒЫҢ КЕЛЕДІ?

«Өзінді өзін танысаң – істің басы» – деген ақынның Шәкәрім Құдайбердіұлының ой-тұжырымы менің де көкейіме қонады. Мұны тегіннен-тегін тілге тиек етіп отырған жоқпыз. Иә, ең әуелі адам өзін танып білсе, сонда ғана немен айналысатынын, кім болатынын анықтай бастайды.

Тағы бір жылды артқа тастап кезекті ҰБТ тапсыру аяқталды. Түлектер өз біліміне сай бұйырған балың алды. Енді олардың алдында «Қайда барамын, кім боламын?» деген сауал тұрғаны рас.

Мектепті «Алтын медальмен» аяқтап, ұстаз үмітін ақтаған өрнеңің бірі – Мадияр Болатбекұлы. Ол алдағы уақытта еліміздің жастары жаңа технологияларды меңгеруге ұмтылуы қажет екенін айтады. Сонымен қатар, ІТ мамандығының болашағы зор деп санайды.

– Экономиканы дамыту үшін жаңа технологияны өндіріске енгізіп, оларды кәдеге жарату қажет. Мәселен әлемде технология саласы қарыштап дамып келе жатқанын бәріміз білеміз. Осыған орай, ақпараттық технологиясы бойынша маман иесі атануды жоспарлап отырмын. Осы саланы дамыту үшін шындала түспекпін. Нұр-Сұлтан қаласында білімді шындап, туған елімізде қызмет жасағым келеді, – дейді Мадияр.

Сондай арманына қуат бітіріп жүрген жас түлек Гүлзінат Еркемқызы. Оның арманы медицина саласын дамыту.

– Адамның мақсаты болмаса ештеңені де тындыра алмайды. Болашақты армандай білу де ұлы даналық. Мақсатым – дәрігер болу. Осы орайда, адам өміріне деген жауапкершілік, адалдық және үлкен жүрек керектігі сөзсіз. Сондықтан да бала кездегі арманыма қол жеткізсем, – деген үмітін жеткізді Гүлзінат.

Қазақтың қаламгері Ж.Аймауытов: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» дейді. Рас, жас жеткіншек тек өз жүрек қалауымен ғана таңдаған кәсіптің шебері бола алады. Яғни мамандық таңдау – жай ғана оқып, диплом ала салу емес, өмірлік жолыңды айқындау.

Бірақ кейбір ата-ана, туған-туыс оған мән бермей, жеткіншектің көңілі қаламаған салаға еріксіз апарды. Оның нәтижесі қандай? Олардың бірі – оқудан шықса, бірі – еріксіз өзге жұмыс жасап жүргені. Сондықтан болашағыңды айқындау барысында талапкер де, ата-ана да «жеті рет өлшеп, бір рет кескені» абзал.

Бетті дайындаған  
Айтқызы АЙТЖАНОВА



Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: Жаңару және жаңғыру жолы» атты Жолдауында бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және азаматтық қоғам институттарының ролін нығайту үшін бірқатар міндет қойды.

– Отандық БАҚ-тың өңірлерде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуы тиіс. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған

дығы екендігі жасырын емес. Анығын айтқанда, «елімізде сөз бостандығы мен шығармашылыққа жол ашық» дейміз. Алайда шектеу болатыны жасырын емес. Мәселен, ата заңымыздың 20-бабының 1-тармағында: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады» деп жазылған. Дегенмен қоғамдағы ашық шындықты жазған немесе айтқан бұқаралық ақпарат өкілдерінің қызметіне

деп ойлаймын, – деген болатын депутат Нұрғәлі Жүсіп.

Ең алдымен журналистерге керек заң – әлеуметтік жағдайдың көтерілуі. Әрине, БАҚ тәуелсіз болуы қиын мәселе, дегенмен журналистерге заңдық тұрғыдан еркін жазуға рұқсат берген де дұрыс секілді.

Занның түбегейлі өзгергенін қалайтын тілшілер үшін құжатқа қандай өзгеріс енетіні қызық. Алайда құзырлы министрлік нақты қандай өзгеріс енетінін

## БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ: ҰТАР ТҰСЫМЫЗ ҚАЙСЫ?

тікелей байланысты. Мемлекет ашық ақпарат кеңістігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі. БАҚ өзекті мәселелерді көтере алады және көтеруі керек, бірақ мұны үлкен азаматтық жауапкершілікпен жасау керек. Сырттан тапсырыс бойынша емес, көлеңкелі төлемақы үшін немесе саяси топтар үшін жұмыс істемеуі керек. БАҚ өкілдері өз елі мен оның азаматтары үшін шын жүректен алаңдауы керек, – деді Президент.

Осы Жолдауда берілген тапсырмаға сәйкес, БАҚ туралы заң қоғамдық және сараптамалық талқылау негізінде қайта қаралуда. Бұқаралық ақпарат құралдарының ролін, мәртебесін және жауапкершілігін нығайту бойынша алда бірқатар міндет тұр.

Осыған байланысты министрліктің жұмысы, ең алдымен, келесі міндеттерді шешуге бағытталмақ. Бұл жөнінде Үкімет отырысында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аскар Омаров кеңінен айтып өтті.

«Біріншіден, қоғамның сұранысы мен мемлекет мүддесін ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң қайта қаралады. Бұл процесс кең қоғамдық және сараптамалық талқылау негізінде жүзеге асырылатынын атап өту маңызды. Осылайша, журналистік қоғамдастықтың ағымдағы заңнамаға қатысты барлық өзекті мәселелері ескеріледі. Екіншіден, азаматтық бақылауды жүзеге асыратын «төртінші билік» ретінде әрекет ететін бұқаралық ақпарат құралдары үшін ашық бәсекелестік орта дамиды. «Үшіншіден, мемлекеттік ақпараттық жұмыс бойынша жаңа тәсілдер әзірленеді», – деді министр.

Талқылауда тұрған заңнан БАҚ өкілдері жақсы нәтиже күтіп отырғаны анық. Журналистерге ең алдымен қажет сөз бостан-

Басы 1-бетте



бөгет жасалатыны рас. Сондықтан да ел алдындағы кәсіби міндетін атқаратын журналистердің қызметі мемлекеттік тұрғыда қорғалуы тиіс.

Отандық журналистиканы дамыту үшін журналистердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік кепілдікпен және қараумен қамтамасыз ету маңызды екенін сөз етіп, депутаттар мінберде мәселе етіп көтерді.

– «БАҚ туралы» заңда және еліміздің Еңбек кодексінде журналистердің мәртебесі мен кепілдігі туралы бап жоқ. Салдарында журналистердің құқығы мен міндеті ғана жазылған. Мұның барлығы журналистердің өте жауапты және қауіпті жұмысын ескермеудің белгісі. Бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалынсыз қоғамды демократияландыру мүмкін емес. Сондықтан оларды арнайы әлеуметтік мәртебе арқылы қолдауды әрі қорғауды ұсынамыз. Бұл үшін «Журналист мәртебесі туралы» арнайы заң қабылдау қажет

айтқан жоқ. Тек журналистер қауымдастығы мен басқа да сарапшылардан ұсыныс қабылданып жатқанын мәлім еткен. Ең бастысы, қоғамдық бақылаудағы БАҚ-тың ролі айқындалып, қолжетімді ақпаратқа мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар оларға ең алдымен мемлекеттік мүддені қорғау міндеттеледі. Қалай десек те БАҚ өкілдері үкімет үшін де халық үшін ашық жұмыс істеуі қажет.

Журналистердің жұмысы көзге көрінбесе де, қоғамға аса қажет, ақпараттық-идеологиялық ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен ұштасатын қызмет. Бір қызығы, журналистер өзгенің проблемасын мемлекеттік деңгейге дейін жеткізе алса да өз проблемаларын көтере алмайтын халық. Енді өз мәселемізді айта алатын күнге де жеткен секілдіміз. Себебі жаңа заңнан күтер үміт көп.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

## БАҚШАСЫ ЖАЙҚАЛҒАН АУЫЛ

– РЕПОРТАЖ –



### ЕҢБЕК ДҮБІРІ

Қаланың қарбалас тіршілігінен шаршағандар болар дала тосіндегі жайқалған егістікті көріп жанымыз жайырай түсті. Ең даладағы егістік екінші тынысымызды аша түскендей. Әйтеуір даламыздағы еңбек дүбірі санамызға серпіліс сыйлады. Тас төбедің терсердей шаңқай ыстықтың өзі адам жанына жылылық сыйлап тұрғандай. Басына күнқағарын киіп, беліне бөйбішесінің қалың ормалын орап, бақшаның арамшөптерін отап жүрген шаруа адамдары мұнда бел жазбай бейнет істеп жүр. Бұйырса, күзде сол бейнетің зейнетін көрмек ниеті бар.

Еңбек етіп, еріншектікке салынбаған қара жер де құр қалдырмайтынын өмірдің өзі дәлелдеп жүрген жоқ па? Бір замандарда карт дикан баласына қарап «Иығыңда кетпенің, осы кеткенің, кеткенің!» деп өзіңше байлап жасаған болса, сол бір тәлімді тәмілдің өміршеңдігі бірнеше ғасыр өтсе де құндылығын жойған емес. Атадан балаға мирас болған диканшылық ел ішінде үзілмей келеді.

### ӨНІММЕН ТІЛДЕСЕ БІЛУ КЕРЕК

Күн ыстығында да көлеңкелі қосқа келмей кетпен шауып жүрген шаруа адамын сөзге тарттық. Алпақа алыстан көз тастап тұрған карт бағбан иыққа кетпенін іліп, бақшалықты аралап жүр. Жасы алпыстарды алқымдаған аға буынды көріп «Осы кезде талай жас жігіттер желдеткішті қосып, үйінде телефон қараудан әрі аспай жатыр. «Жұмыс жоқ» дегенді желеу етіп, жанына серік болған жалқаулықтан ажырай алмай жүр-ау. Ал мына кісінің ісін неге үлгі қылмақпа?! – деген ой санада қылаң бергенін айта кетейін. Алқапты аралап келе жатқан ел ағасына сырттай қарап осылай ой түйдім. Журналист екенімді білген соң бұйымтайымды білген болар, бірден әңгімесін бастап кетті.

– Қиындығы мен қызығы мол диканшылықтың жай-жапсарына келсек, сырттай қарағанда тек жемісін көретініміз анық. Ал шөлімізді басатын қызара піскен қарбыз бен дөмі тіл үйіреп шырынды қауын бізге дейін қалай жетті? Қалай күтін-бапталды? Осыны көп адамдар білмейді де, білгісі келмейді де. Зейнетке шыққан соң тіршілігімізді жеранамен байланыстырдым. Қолымнан басқа не келеді? Немерелеріме тәтті қауын апарсам деген ізгі ниет қой, шырағым. Осылай тіршілік етіп жатырмыз. Әйтеуір зүпірімізден жүріп, жұмыс бастаймыз. Үлгермей жатсам балаларымды көмекке шақырамын. Бақша өнімдерінің басқа түрлеріне қарағанда

Басы 1-бетте

қауын егу оңай. Дегенмен әрбір пәлекке қолын тиеті ғой. Еңбекті қажет етеді. Өзім қалада «Арай» шағын ауданында тұрамын. Осында жер алып, ермек қылып жатқан жайым бар. Еккен өніммен тілдесе білу керек. Оның не қажет етіп тұрғанын, шығуына не жетіспей тұрғанын айтпай ұғынсаң ғана жемісін көресің, – деді бағбан Берекет Саймағанбетов.

Расымен, көбіміз дайын асқа тік қасық болуды ғана білетініміз жасырын емес. Базардан дайын өнімді сатып алуға құмармыз. Ал сайып келгенде өзіміз егіп баптаған табиғи өнімнен артығы жоқ.

### ӨМІРБАЯНЫМ БАҚШАМЕН БАЙЛАНЫСТЫ

Егін даласынан бақша басында жүрген ақ жаулықты ананы да кездестірдік. Ауыл тұрғыны Зейнеп Мутенова немересі Ерасылды ертіп, егіншіліктің қыр-сырын үйретіп жүр. Алты баладан жиырма немере сүйіп отырған ардақты әже жастайынан еңбек етіп келеді.

– Қауын-қарбыздың бірден-бір жауы күрт пен шыбын шіркей. Шыбын бір жылда үш мәрте балалайды екен. Ол шіркінің он бес күн ішінде күртқа айналып,

түйнекті жарып шығады. Жерге кіріп кетіп, шыбынға айналып, қайта келіп әрекетін жалғастырады. Қауынның жауы. Бұл шыбынға қарсы арнайы дәрілері бар. Соны шашып жатырмын. Қаншама отбасы қауыннан нан жеп отыр. Бала күнімізде жеген кейбір қауын сорттары қазір жоқтың қасы. Бұл мәселе республикалық деңгейде көтеріліп келеді. Ғалымдар да тыныш жатқан жоқ. Қауынның түрлі сорттарын дайындау. Бір сортты шығару үшін бірнеше жыл керек екен. Қазір қолда бар қауын түрлерінің арасында елге ең өтімдісі – әміре. Оның да өз ерекшелігі бар. Әміре қара қауынға қарағанда 20 күн ерте піседі. Оның үстіне дөмі де тіл үйіреді. Бұрыннан тамсана жейтін қауынның бұл түрі әлі де өз биігінде. Бақшалықтағы әрбір өнім жанымға жақын. «Еңбек етсең емерсің» деп тегін айтылмаған. Өміріміздің жартысынан көбі егіс даласында өтеді. Бақшалық пен диканшылық – менің өмірбаяным. Атыраптағы әрбір бақша өнімінің тілін түсінемін десем артық айтқандық емес. Осында жұмыс істеу қаншама қуат береді. Бақшаға келмеген күні ауырып қаламын, – дейді Зейнеп Мутенова кетпенге сүйене күліп қарап.



### Тілші түйіні

Иә, сонымен бақшалық басындағы жұмысымызды аяқтап, қалаға қарай бет алдық. Дала тосіндегі еңбектің жемісін жейтін күн алыс емес. Картоптың алды гүлдеп, қауын-қарбыз өркен жаюда. «Еңбек ер атандырады» деп бекер айтылмаса керек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,

Суретті түсірген Нұрболат НУРЖАУБАЙ

## ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

### КАФЕГЕ ҰРЛЫҚҚА ТҮСКЕН

Оқиға 10 шілде күні қала орталығында орын алған. Кафе иесі түн мезгілінде ұрлық болғанын байқап, полиция басқармасына хабар берген. Белгісіз біреу есепшінің бөлмесінде тұрған сейфтен ақша ұрлаған. Жәбірленушіге 700 мың теңгеден астам залал келтірген.

Жүргізілген жедел-іздістіру жұмыстарының нәтижесінде тәртіп сақшылары ізін суытпай күдіктіні анықтады. Ол сол кафеде жұмыс істейтін 22 жастағы қала тұрғыны болып шықты. Қазіргі таңда күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды.

### ТЕРМИНАЛ ҰРЛАҒАН...

Ұрлық қылмысына күдіктелген тұлға төлем қабылдайтын терминалдарды дәрханалардан ұрлаған. Алайда үш терминалды қолды еткен ол көп ұзамай тәртіп сақшыларының құрығына ілінді.

Оқиға ағымдағы жылдың шілде айының басында болды. Мекеме директоры полицияға

арызданып, оларға тиесілі үш терминалдың ұрланғанын айтқан. Ұрлық жасауға бел буған белгісіз азамат қала орталығында орналасқан дәрханалардағы терминалдарға көз салған. Сол жерде жұмыс істейтін қызметкерлерге я күзетшіге өтініш айтып, дәрхананың ішінде орналасқан терминалды бірге көтеріп шығып, алып кететін болған. Осылайша, алдын ала құрған жоспары бойынша бұл азамат дәрханалардағы үш терминалды қолды еткен. Полиция қызметкерлерімен жүргізілген жедел іздістіру шараларының нәтижесінде осы қылмыстарға күдікті ретінде Түркістан облысының 31 жастағы тұрғыны ұсталды. Үш бірдей қылмысты өзі ұйымдастырып, арам ойын жүзеге асырған азамат Қызылорда қалалық полиция басқармасының уақытша ұстау изоляторына қамалды.

### ЕРЕЖЕ БҰЗАТЫНДАР АЗ ЕМЕС

Облыс көлемінде 13-16 шілде аралығында өтіп жатқан «Зансыз жолғаушы тасымалдаушы» жедел профилактикалық іс-шараның 2 күнінде жол қозғалысы ережесін бұзудың 148 дерегі тіркелді.

Оның ішінде жолғаушылар тасымалдау қағидаларын бұзудың / ӘҚБтК-нің 571.2-бөлігімен/-36, заңсыз қайта жабдықтаудың ӘҚБтК-нің /590.7-бөлігімен/-9, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген ӘҚБтК-нің /590.9-бөлігімен/-23, ұялы телефонмен сөйлесудің ӘҚБтК-нің /591.1-бөлігімен/-20, сақтандыру полисі болмағандардың ӘҚБтК-нің /230.2- бөлігімен/-16, жүргізушінің көлік құралын мас күйінде басқаруының /ӘҚБтК-нің 608-бабы/ 4 дерегі анықталды.

### АЙЛАСЫ ІСКЕ АСПАДЫ

Қызылорда облысы бойынша ҚАЗЖ департаментіне қарасты ЗК-169/5 мекемесінің өндірістік аймағына сотталғандардың пайдалануы мен қолдануына тыйым салынған заттарды лақтырмақ болған екі азамат құрықталды.

Жедел түрде 102 нөміріне хабарланып, мекемеге Қызылорда қалалық Полиция басқармасының жедел-тергеу тобы шақырылды.

Арам қулығын іске асырмақ болған азаматтарды жедел-тергеу тобы тексеру барысында 20 грамдық шприцке нығыздалып салынған 10 дана «өзіне тән ерекше иісі бар шөп

тектес» заты және 3 дана скотчпен оралған ұялы телефон тәркіленді.

Тәркіленген зат бойынша сот медициналық сараптама жұмыстары тағайындалып, нәтижесінде салмағы 62,02 грамды құрайтын «келтірілген марихуана» екені дәлелденіп, аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы ҚК-нің 297-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеу-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

### ЕСІРТКІ ЕККЕН

«Қарасора-2022» жедел-профилактикалық іс-шарасы кезінде қызылордалық полициялар 4116 түп сора өсімдігін еккен тұрғынды ұстады.

37 жастағы қала тұрғыны Қызылорда облысы, Шиелі ауданында шенгел мен сексеуіл арасында сора өсімдігін өсірген. Айта кетерлік жайт, арнайы баптап өсірілген сораның ұзындығы 60-70 см-ге жеткен.

Осы аумаққа келген көліктердің дөңгелектерін тесу мақсатында қаскүнем ауыл маңындағы жолдарға қолдан жасалған металл шыбықтарды тастаған.

Полициялар оқиға орнынан ірі есірткі алқабанан бөлек арнайы келтірілген марихуана, заң



бұзушының жеке заттарын, азық-түлік, сора өсіру арналған арнайы жабдықтау: 2 дана насос, палатка, мотор, 20 метрлік шланга, күрек, кетпен тәркіледі.

4116 түп көлемінде тәркіленген сора өсімдігінің жалпы салмағы 34 кг, ал «келтірілген марихуана» 696 гр көлемінде болып шықты. Күдікті Шиелі аудандық полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптағына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарлануға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3649 Тапсырыс №1177

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ